

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

**Информатика пәні мұғалімдерінің облыстық «Алтын диск»
олимпиадасы**

2022жыл

Ақтау қаласы



Б Ұ Й Р Ы Қ

П Р И К А З

22.10.2022 ж. № 162 -НҚ

**Информатика пәні мұғалімдерінің облыстық «Алтын диск» олимпиадасын
өткізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Мұғалім мәртебесі туралы заңды жүзеге асыру аясында педагогтің кәсіби мәртебесін арттыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2022 жылғы 01-02 қараша күндері Ақтау қаласындағы Білім-инновация лицейінде информатика пәні мұғалімдері арасында облыстық «Алтын диск» олимпиадасы өткізілсін.

2. Бекітілсін:

1) «Алтын диск» облыстық сайысының ережесі (1-қосымша).

2) Ұйымдастыру алқасының құрамы (2-қосымша);

3) Қазылар алқасының құрамы (3-қосымша);

3. Аудандық, қалалық білім бөлімдерінің басшыларына, облыстық мектептердің директорларына:

1) Облыстық олимпиадаға қатысатын мұғалімдерге тиісті әдістемелік-материалдық көмек көрсетіліп, іссапар шығындары жіберуші жақ есебінен төленсін;

2) 2022 жылдың 28 қазанына дейін байқауға қатысатын мұғалімдер сұранысы білім берудің оқу-әдістемелік орталығына түсірілсін;

4. Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының әдіскері (А.Казбекова):

1) Облыстық олимпиаданы тиісті деңгейде ұйымдастырып, өткізу жауапкершілігі жүктелсін.

5. Бұйрықтың орындалысын бақылау директордың орынбасары Ж.Жұмабаеваға жүктелсін.

Директор

Ж.Үмбетова

Білім берудің оқу-әдістемелік
орталығының «22» 10 2022ж.
№ 162-48 бұйрығына
1-қосымша

Ұйымдастыру алқасының құрамы:

Жұмабаева Жеміскүл
Жеткізгеновна

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының
директорының орынбасары

Киянова Шолпан
Орынбасаровна

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының
жалпы білім бөлімінің жетекшісі;

Казбекова Айман
Темиркуловна

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының
информатика пәні әдіскері;

Алданов Айымбек
Қасымұлы

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының
ақпараттандыру және технологиялар бөлімінің
әдіскері;

Базарбаева
Айткүл Қуанышкерейқызы

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының
ақпараттандыру және технологиялар бөлімінің
әдіскері

Білім берудің оқу-әдістемелік
орталығының «22» 10 2022ж.
№162-кк бұйрығына
2-қосымша

Қазылар алқасының құрамы:

Ауданов Махсет
Калпакбаевич

Ақтау қаласы химия-биология бағытындағы
«Назарбаев Зияткерлік мектебі» информатика-
математика пәні мұғалімі, мүше;

Баткамбаева Избиби

Ақтау қаласы, «№11 мектеп лицейі» мектебінің
информатика пәні мұғалімі, мүше;

Жеткизгенова Кунжаксы
Таубаевна

«Бейнеу гимназиясы» КММ-нің
информатика пәні мұғалімі, мүше;

Білім берудің оқу-әдістемелік
орталығының «22» 10 2022ж.
№ 162-III бұйрығына
3-қосымша

**Информатика пәні мұғалімдерінің облыстық «Алтын диск»
олимпиадасын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1) Осы Ереже «Алтын диск» информатика пәні мұғалімдерінің облыстық олимпиадасының өткізілу тәртібі мен міндеттерін анықтайды.

2) Олимпиаданы ұйымдастырушы Маңғыстау облысы білім берудің оқу-әдістемелік орталығы болып табылады.

2. Олимпиаданың мақсаттары мен міндеттері

1) Мақсаты:

Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Мұғалім мәртебесі туралы заңды жүзеге асыру аясында педагогтың кәсіби мәртебесін арттыру.

2) Міндеті:

- Білім беруді акпараттандыру жағдайында шығармашылықпен жұмыс жасайтын информатика пәні мұғалімдерін анықтап, оларды мадақтау мен кәсіби имиджін арттыру;

- Білім беруді акпараттандыруды дамыту жағдайында информатиканы оқытудың инновациялық әдістері мен формаларын және педагогикалық идеяларды іздеу;

- Бірыңғай акпараттық білім ортасына ену үшін мұғалімдердің кәсіби құзырлылығы мен акпараттық-коммуникациялық құзырлылығын қалыптастыру;

- IT - технологияларды енгізу жағдайында педагогтардың ең озық тәжірибелерін тарату.

3. Олимпиаданың жұмыс органдары

1) Олимпиаданы өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру және жүзеге асыру үшін ұйымдастыру алқасы құрылады.

2) Ұйымдастыру алқасы:

- Олимпиаданы өткізудің жалпы тәртібін анықтайды;

- Олимпиадаға тікелей басшылық жасауды жүзеге асырады;

- Қазылар алқасының жұмысын ұйымдастырады;

- Олимпиада қорытындысын талдайды және қорытындылайды, бұйрық жобасын әзірлеуге қатысады.

4. Олимпиаданың өткізу кезеңдері

1) Олимпиада екі кезеңде өтеді:

I кезең: Олимпиаданың аудандық, қалалық кезеңі – 2022 жылдың 26 - 28 қазан;

II кезең: Облыстық кезең – 2022 жылдың 01-02 қараша күні;

Олимпиадаға қатысу үшін сұранысты аудандық, қалалық білім бөлімдерінен 2022 жылдың 28 қазанына дейін төмендегідей үлгіде жеке куәлігінің көшірмесімен бірге тапсыру сұралады:

№	Аты-жөні	Мекеме атауы	Педагогикалық өтілі	Санаты	Оқыту тілі	Сабақ беретін сыныптары

5. Олимпиадаға қатысушылар

1) I кезеңнің қорытындысы бойынша I орын иеленген информатика пәні мұғалімдері екінші кезеңге қатыса алады (әр аудан, қалалардан және облыстық мектептерден – 1 педагог;

2) Қатысушы информатика пәні мұғалімінің еңбек өтілі 5 жылдан кем емес болуы керек;

3) Олимпиадаға соңғы бес жылдағы жүлдегерлер қатыспайды (2017, 2018, 2019, 2020, 2021).

6. Олимпиаданың қазылар алқасы

1) Олимпиаданың қазылар алқасы төрағадан және оның мүшелерінен тұрады.

2) Олимпиаданың қазылар алқасы:

Жеңімпаз информатика пәні мұғалімін анықтайды және жүлделі орындарды беру үшін ұйымдастыру алқасына ұсыныс жасайды.

7. Олимпиада мазмұны:

Олимпиадаға қатысушылар төмендегі бағыттар бойынша жұмыстанады:

1) «Үздік ақпараттық оқыту технологиясы» тақырыбында презентация (берілетін уақыт: 5 минут, бағдарлама мақсат пен міндеттерінің нақтылығы, қолжетімдігі, бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыты, іске асыру тәжірибесі, сапасы, 25 ұпай);

Ескеру: Білім сапасын арттыру, оқушылардың танымдық дамуына арналған ойындар, бағдарламалар, мұғалімнің сабақты тиімді ұйымдастыруға арналған платформалар болу керек.

2) **Тест жұмысын орындау** (20 сұрақ, берілетін уақыт: 20 минут, 20 ұпай);

3) **Бағдарламалау тілдері бойынша есеп шығару** (берілетін уақыт: 3 сағат);

4) **Бейнесабак** (ютуб каналына жариялануы, уақыты 45 минут, монтажсыз, тақырыптың толық ашылуы, әдістердің ерекшелігі, оқушыларды ұйымдастыру қабілеті, мұғалімнің қосымша сандық платформаларды, ресурстарды пайдалану деңгейі, тапсырмаларды әзірлеу деңгейі және оқушыларды бағалау деңгейі, 25 ұпай).

8. Жеңімпаздарды марапаттау реті

Облыстық байқаудың жеңімпаздары дипломдармен марапатталады.

Жалпы білім беретін ұйымдар бойынша 3 орын белгіленеді: 1, 2, 3 дәрежелі диплом иегерлері.

**Облыстық жаратылыстану-математика пәндері мұғалімдерінің
олимпиадасының бағдарламасы**

Өткізу күні: 2022 жылдың 01.11-02.11 күндері сағат 09:00

Өтетін орны: Ақтау қаласы, БИЛ

Өту форматы: Олимпиада

Мақсаты: Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Мұғалім мәртебесі туралы заңды жүзеге асыру аясында педагогтың кәсіби мәртебесін арттыру.

Жаратылыстану – математика, информатика пәндері мұғалімдерінің олимпиадасы	
Жүргізуші:	1. Бүркітбаев Райымбек Тұрарұлы
08.30-09.00	Тіркелу
09.00-09.10	Жүргізуші сөзі: Жаратылыстану-математика және «Алтын диск» олимпиадасының қатысушыларын таныстыру
09.10-09.15	Ән - «Жүрегім қазақ» Бүркітбаев Райымбек Тұрарұлы
09.15-09.20	Алғы сөз Маңғыстау облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Мамаева Гүлмира Қасымқызына беріледі.
09.20-09.30	Қазылық ететін қазылар алқасымен таныстыру
09.30-09.35	Сәттілік тілеп, кабинеттерге орналастыру
09.35-12.35	Есеп шығару уақыты
12.35-13.05	Үзіліс
13.05-15.05	Қазылар алқасының жұмыстарды тексеруі
15.05-15.10	Жүргізуші сөзі: Құрметті ұстаздар! Жаратылыстану-математика және «Алтын диск» мұғалімдерінің олимпиадасы өз мәресіне жетті. Жаңа биіктер мен асуларды бағындырып, сынақ уақытты артта қалдырып, жеткен жетістіктеріміздің нәтижесін көретін кез.
15.10-15.15	«Құттықтау сөз» Қазылар алқасының мүшесі- Кулсымакова Гайша Дюсембайқызы – Жаңаөзен қаласы, №24 лицейінің химия пәні мұғалімі
15.15-15.20	Ән – «Мен қазақпын» Бүркітбаев Райымбек Тұрарұлы
15.20-15.30	Марапаттау кезеңі «Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының» директоры – Үмбетова Жаңагул Жұмахметқызы
15.20-15.45	Олимпиада жеңімпаздарымен естелікке суретке түсу
15.45-16.00	

Информатика пәні мұғалімдерінің «Алтын диск» олимпиадасының облыстық кезеңі

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Тақырыбы: Информатика пәні мұғалімдерінің «Алтын диск» олимпиадасының облыстық кезеңі

Өтетін орны: Ақтау қаласы, Білім - инновация лицейі,
30ш/а, 180 ғимарат

Өтетін уақыты: 01-02.11.2022 жыл

Мақсаты: Педагог кәсібінің мәртебесін арттыру және кәсіби қызметте жоғары жетістіктері бар шығармашыл педагогтерді таныту

Қатысушылар саны: 8 мұғалім

Байқауды ұйымдастырушы: Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы

Байқауға қатысушылар: информатика пәні мұғалімдері

Байқау тапсырмалары: Үздік ақпараттық оқыту технологиясы, тест жұмысын орындау, бағдарламалау тілдері бойынша есеп шығару, бейне сабақ

Қорытындысы: Байқау жеңімпаздары білім берудің оқу-әдістемелік орталығының арнайы дипломдары және сыйақымен марапатталады.

Информатика пәні бойынша тест сұрақтары

1. Insert, backspace, delete пернелері

- A) функционалдық
- B) алфавитті-сандық
- C) редакциялау
- D) арнайы
- E) курсормен басқару

2. Жұмыс столын алмастыру буферіне көшіру үшін төмендегі пернені басады

- A) Print Screen
- B) Page Up
- C) Ctrl+V
- D) Shift+Del
- E) Ctrl+D

3. Windows жүйесіндегі компьютерлік алфавиттік символдар саны

- A) 128-ден аспайды
- B) 8
- C) 0-ден 256-ға дейін
- D) 1-ден 250-ге дейін
- E) 16

4. Стандартты программалар

- A) Менің компьютерім, Менің құжаттарым, Қоржын
- B) Тақырып жолы, Мәзір жолы, Аспаптар тақтасы, Сырғыту сызғышы
- C) Word Pad, Блокнот, Калькулятор, Paint
- D) Монитор, принтер, сканер, модем
- E) MS Word, MS Excel, MS Access

5. Windows амалдық жүйесінің ең маңызды ерекшелігі

- A) жоғары сенімділікті талап ететін міндеттерді шешеді
- B) тұйық жұмыс ортасы, графикалық көптерезелі интерфейсті жүйе
- C) тек бір ғана пайдаланушының жұмыс істеуіне мүмкіндік береді
- D) командалық интерфейсті жүйе
- E) бір уақытта бірнеше пайдаланушының жұмыс істеуіне мүмкіндік береді

6. Операциялық жүйені жүктеу үшін

A) операциялық жүйенің жүктегіш-бағдарламасы, command.com, ramdrive.sys
дискілік файлдары, енгізу-шығарудың базалық жүйесі

B) іске қосу – бағдарламалар

C) операциялық жүйенің жүктегіш-бағдарламасы, Io.sys және Msdos.sys
файлдары, config.sys, command.com, autoexec.bat файлдары, Windows
операциялық жүйесінің логотипі

D) операциялық жүйенің жүктегіш-бағдарламасы, command.com жүйелік
файлы, autoexec.bat және config.sys файлдары, Windows операциялық
жүйесінің логотипі

E) операциялық жүйенің жүктегіш-бағдарламасы, autoexec.bat, command.com
файлдары, Windows операциялық жүйесінің логотипі

7. CTRL+N клавиштарын басқанда Microsoft WORD текстік процессорында
қандай өзгеріс болады


A) жаңа құжат құру

B) ашу

C) сақтау

D) мәлімет қою

E) көшіру

8.  түймешенің қызметі

A) белгіленген символдарды бір түспен бояу

B) белгіленген шрифт

C) белгіленген символдар үшін жартылай толық шрифт

D) белгіленген символдар

E) белгіленген символдар үшін жартылай толық курсивті шрифт

9. Мәтіндік редактор дегеніміз

A) машиналық кодкөмегімен жазылған, мәтінді символдық тілде автоматты
түрде аударуға арналған программа

B) мәтіннің баспаға шығар алдында қатесін түзеумен айналасатын баспа
жұмысшысы

C) іс қағаздар өндірісі, редакциялы баспалық қызметте мәтіндік
ақпараттармен жұмыс істеуге арналған программа

D) мультимедиялы ойындық программа құру кезіндегі суреттерді оңдеуге
арналған программа

E) құжаттар құру кезіндегі дербес компьютердің ресурстарын басқаруға
арналған программа

10. MS Word-та қанша табуляция маркері бар

- A) 8
- B) 4
- C) 1
- D) 6
- E) 2

11. CTRL+P клавиштарын басқанда Microsoft WORD тексттік процессорында қандай өзгеріс болады

- A) ашу
- B) баспаға шығару
- C) мәлімет қою
- D) сақтау
- E) көшіру

12. MS Word-та қаріпін өзгеру жолы былай болады

- A) қою-макрос
- B) түр-бет
- C) түр-орфография
- D) басты-шрифт
- E) кірістіру-қою

13. MS Word мәтіндік процессорында жанама мәзірді шақыру үшін қолданылатын пернелер комбинациясы

- A) Shift+F10
- B) Ctrl + Alt
- C) Alt + Esc
- D) Alt + F10
- E) Shift +F1

14. Мәтінді редакциялау деп

- A) берілген мәтінге өзгерістер енгізу процесі
- B) дискіге файлдарды сақтау процесі
- C) сырттан түскен мәліметтерді санау процесі
- D) мәтіндік ақпараттарды компьютер желісі арқылы жіберу
- E) керексіз мәтіндік файлдарды жою процесі

15. MS Word-та белгіленген мәтін астын сызатын пернелер комбинациясы

- A) Ctrl+Shift+↑
- B) Ctrl+Shift+=
- C) Ctrl+Shift+W
- D) Ctrl+=
- E) Ctrl+Shift+A

16. Автоформаттау кезіндегі өзгерістер неге байланысты
- A) Сервис – Автотолтыру /Сервис - Автозамена/ командасын орындағанда ашылған сұхбат терезеде тағайындалған параметрлерге байланысты
 - B) Сервис – Параметрлер командасын орындағанда ашылған сұхбат терезеде тағайындалған параметрлерге байланысты
 - C) Мәтіндік редактор орнатылған кездегі тағайындалған параметрлерге байланысты
 - D) Автоформаттау кезінде өзгерістер болмайды
 - E) Автоформат командасының қандай мәтін элементіне орындалғанына байланысты

17. Мәтінді редакциялау дегеніміз
- A) берілген мәтінге өзгерістер енгізу процесі
 - B) мәтінді дискіге мәтіндік файл ретінде сақтау процесі
 - C) мәтіндік ақпаратты компьютерлік желі арқылы жіберу
 - D) сыртқы есте сақтау құрылғысындағы мәліметтерді оқу процесі
 - E) мәтіндік файлдың қажет емесін жою

18. Құжатқа мәтінді енгізу кезінде <Enter> пернесін _____ басу керек
- A) әрбір абзацтың соңында
 - B) әрбір бағанның соңында
 - C) әрбір беттің соңында
 - D) әрбір сөзден кейін
 - E) әрбір жолдың соңында

19. Мәтіндік редактордағы меңзер жағдайын анықтауда көрсетіледі
- A) жол мен қатар нөмері
 - B) терілген мәтіндегі жолдар саны
 - C) мәтін көлемі
 - D) мәтін бетінің нөмері
 - E) мәтіндегі символдар саны

20. WORD процессорында абзацты ерекшелеу үшін, сол абзацта ...тінтуірді
- A) үш рет шерту
 - B) екі рет шерту
 - C) Shift пернесін басулы күйде ұстап тышқанды шерту
 - D) Ctrl пернесін басулы күйде ұстап тышқанды шерту
 - E) бір рет шерту

Сұрақ	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жауап	D	A	C	C	B	C	A	A	C	B

Сұрақ	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Жауап	B	D	A	A	C	E	A	A	A	A

Есептер.

1. Жоғалған сан

Уақыт бойынша шектеу: 1 секунда
Жад бойынша шектеу: 64 мегабайта

Сізге 1-ден $(N+1)$ -ге дейінгі бүтін сандар берілген. Ол сандардың арасында біреуі жеткіліксіз, сол санды табыңыз.

Енгізу файлының форматы

Берілгеннің бірінші жолында бір бүтін сан $1 \leq N \leq 10^5$ берілген. Екінші жолда пробелмен бөлінген 1-ден $(N+1)$ -ге дейінгі N бүтін сан берілген.

Шығару файлының форматы

Тапсырманың жауабын шығарыңыз.

Мысал/Примеры:

Вход

```
5
3 2 1 5 6
```

Ответ

```
4
```

2.Перепись

(Уақыт: 1 сек. Жад: 16 Мб, Күрделілік деңгейі: 15%)

Үйде N тұрғын жасайды. Бір күні осы үйдің барлық тұрғындарын перепись жасау ұйғарылды, перепиське әрбір тұрғынның жасын және жынысын (ер немесе әйел) көрсетіп жазуы керек. Осы жазудағы ең үлкен ер адамды анықтау талап етіледі.

Енгізу мәліметтері

INPUT.TXT енгізу файлының бірінші жолында тұрғындардың саны - N натурал саны берілген ($N \leq 100$). Келесі N жолда барлық тұрғындар туралы ақпарат орналасқан: әрбір қатар екі бүтін саннан тұрады: V және S – жасы және жынысы ($1 \leq V \leq 100$, $S = 0$ немесе 1). Ер адам болса $S=1$, ал әйел адам болса $S=0$.

Шығару мәліметтері

OUTPUT.TXT шығару файлында тізімдегі жасы ең үлкен ер адамның номері болуы керек. Егер ондай адам бірнеше болса, онда ең кіші номерді шығару керек. Егер тұрғындар ішінде ер адам жоқ болса, онда -1 шығару керек.


Мысал/Примеры

№	INPUT.TXT	OUTPUT.TXT
1	4 25 1 70 1 100 0 3 1	2
2	2 25 0 25 1	2

3. Ферзь, ладья и конь

(Уақыт: 1 сек. Жад: 16 Мб, Күрделілік деңгейі: 29%)

8x8 шахмат тақтасында үш фигура орналасқан: ферзь, ладья және ат. Бос торкөздердің ішінен фигуралардың «бара алатын» торкөздер санын табыңыз. Қарапайымдылық үшін фигуралар басқа фигуралар арқылы "ұра" алады деп сенеміз. Мысалы, оң жақта қарастырылған жағдайда, ферзь D5-ті ладья арқылы ұрады деп есептейміз.



Енгізу мәліметтері

INPUT.TXT енгізу файлының жалғыз жолында үш фигураның орналасу координатасы пробел арқылы жазылған: сәйкесінше ферзьдің, ладьяның және аттың. Әрбір координата ағылшын әріпінен (A дан H қа дейінгі) және бір цифрдан (1 ден 8 ге дейінгі) тұрады.

Шығару мәліметтері

OUTPUT.TXT шығару файлына бос торкөздердің ішінен фигуралардың «бара алатын» торкөздер санын шығару керек.

Мысал

№	INPUT.TXT	OUTPUT.TXT
1	D1 D3 E5	29

**Информатика пәні мұғалімдерінің облыстық «Алтын диск»
олимпиадасының**

ХАТТАМАСЫ

02.11.2022ж

Ақтау қаласы

Қатысқандар саны: 4

Білім берудің оқу-әдістемелік орталығы -1, Ақтау қаласы – 1, Бейнеу ауданы – 1, Назарбаев зияткерлік мектебі -1.

Күн тәртібінде:

1. Информатика пәні мұғалімдерінің облыстық «Алтын диск» олимпиадасының қорытындысы.
2. Жеңімпаздарды марапаттау.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қорытынды жасау:

1) Білім берудің оқу-әдістемелік орталығының іс-шаралар жоспарына сәйкес, 2022 жылдың 01-02 қараша күндері Ақтау қаласындағы Білім - инновация лицейінде информатика пәні мұғалімдерінің облыстық «Алтын диск» олимпиадасының байқауы өткізілді.

Педагогтің кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылысын арттыру, пән мұғалімдерінің ғылыми-әдістемелік деңгейлерін анықтау, шығармашылықпен айналысатын мұғалімдерге қолдау көрсету мақсатында ұйымдастырылған байқауға аудандық, қалалық кезеңнен жеңімпаз атанған 8 пән мұғалімі қатысты.

2) Қазылар алқасы қатысушылардың жауаптарын саралап, қорытындылай келе шешім шығарды:

I орын: Елжанова Гульназ Жексенбаевна, Мұнайлы ауданы «Қызылтөбе» лицейінің информатика пәні мұғалімі;

II орын: Байғожаева Гүлжанат Мусағалиқызы, Ақтау қаласы №30 жалпы білім беретін мектептің информатика пәні мұғалімі;

III орын: Калиева Гульназ Рахметуллаевна, Бейнеу ауданы Ы.Алтынсарин атындағы мектептің информатика пәні мұғалімі;

«Үздік сабақ» номинациясы: Шербаева Жадыра Куанышбаевна, Қарақия ауданы №7 жалпы білім беретін мектептің информатика пәні мұғалімі.

Төрайымы

Ж.Үмбетова

Хатшы

А.Казбекова



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

02.11.2022 ж. № 171-нқ

**Информатика пәні мұғалімдерінің облыстық «Алтын диск»
олимпиадасының қорытындысы туралы**

Білім берудің оқу – әдістемелік орталығының 22.10.2022 жылғы №162 – нқ бұйрығына сәйкес, өткізілген Ақтау қаласындағы Білім - инновация лицейінде информатика пәні мұғалімдерінің облыстық «Алтын диск» олимпиадасының (бұдан әрі - Олимпиада) қазылар құрамының хаттамасын негізге ала отырып,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Олимпиаданың қорытынды хаттамасы қаперге алынсын (1-қосымша);
2. Олимпиада жеңімпаздары дипломдарымен және сыйақымен марапатталсын;

I орын: Елжанова Гульназ Жексенбаевна, Мұнайлы ауданы «Қызылтөбе» лицейінің информатика пәні мұғалімі;

II орын: Байғожаева Гүлжанат Мусағалиқызы, Ақтау қаласы №30 жалпы білім беретін мектептің информатика пәні мұғалімі;

III орын: Калиева Гульназ Рахметуллаевна, Бейнеу ауданы Ы.Алтынсарин атындағы мектептің информатика пәні мұғалімі;

«Үздік сабақ» номинациясы: Шербаева Жадыра Куанышбаевна, Қаракия ауданы №7 жалпы білім беретін мектептің информатика пәні мұғалімі.

3. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау директордың орынбасары Ж.Жұмабаеваға жүктелсін.

Директор

Ж.Үмбетова

